

БЕКІТЕМІН

Қарағанды облысында білім беруді
дамытудың оқу-әдістемелік
орталығының басшысы

Б.Абдикерова

« 01 » 2025 ж.



«Бояулар құпиясы» бейнелеу өнері мұғалімдеріне арналған облыстық онлайн байқауының ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ереже

- 1.1. Осы Ереже Қарағанды облысының жалпы білім беретін мектептері, гимназиялары, лицейлерінің бейнелеу өнері мұғалімдеріне арналған «Бояулар құпиясы» облыстық байқауының мақсаттары мен міндеттерін, өткізу тәртібін, бағалау критерийлерін, жеңімпаздарды марапаттау тәртібін айқындайды.
- 1.2. Байқау Қарағанды облысы білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының, Қарағанды облысы бейнелеу өнері мұғалімдері қауымдастығының жұмыс жоспарларына және «Бір тұтас тәрбие» бағдарламасына сәйкес өткізіледі.
- 1.3. Байқау қашықтықтан өткізіледі.
- 1.4. Байқаудың ұйымдастырушысы – Қарағанды облысы білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

2.1. Байқаудың мақсаты:

– Қарағанды облысының жалпы білім беретін мектептері, гимназиялары мен лицейлерінің бейнелеу өнері мұғалімдерінің шығармашылық әлеуетін дамыту және кәсіби шеберлігін арттыру.

2.2. Байқаудың міндеттері:

- Шығармашыл бейнелеу өнері мұғалімдерін анықтау және олардың кәсіби өсуін қолдау;
- Бейнелеу өнері мұғалімдерінің шығармашылық әлеуетін дамыту, тәжірибе алмасу және білім беру процесінде инновациялық технологияларды тарату.

3. Байқауға қатысушылар

3.1. Байқауға Қарағанды облысының жалпы білім беретін мектептерінің, гимназияларының, лицейлерінің, қосымша білім беру ұйымдарының және облыстық білім беру ұйымдарының бейнелеу өнері мұғалімдері қатыса алады.

4. Байқауды өткізу мерзімі мен тәртібі

4.1. Байқау 2025 жылғы 3 наурыз – 24 наурыз аралығында өтеді.

4.2. Байқауға қатысу үшін 2025 жылғы 19 наурыз сағат 18:00-ге дейін umc-go@umckrg.gov.kz электронды поштасына келесі құжаттарды жіберу қажет:

- Қосымша №1 бойынша өтінім;
- Байқау жұмысының фотосы, www.youtube.com арнасында орналастырылған шығармашылық жұмыстың кезең-кезеңімен орындалуын көрсететін 3 минуттан аспайтын бейнематериалға сілтеме (бейнероликте автор туралы мәлімет болуы керек: тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, оқу орны, елді мекен);
- Жұмыстың атауы, орындалу техникасы және негізгі идеясының сипаттамасы бар түсіндірме.

4.3. 2025 жылғы 19 наурыздан кейін немесе талаптарға сәйкес келмейтін байқау жұмыстары қарастырылмайды.

4.4. Байқаудың қорытындылары, дипломдар мен сертификаттар 2025 жылғы 5 сәуірде umc-ro@umckrg.gov.kz сайтында жарияланады.

5. Жұмыстарға қойылатын талаптар мен бағалау критерийлері:

5.1. Әрбір қатысушы тек бір жұмыс ұсына алады.

5.2. Байқау жұмыстары 2024-2025 оқу жылында орындалуы тиіс, басқа авторлардың жұмыстарының көшірмесі немесе бөлігі болмауы керек, шаблонды жұмыстар қабылданбайды.

5.3. Бұрын көрмелер мен байқауларға қатысқан немесе байқаудың тақырыбына сәйкес келмейтін, сапасы төмен жұмыстар қабылданбайды.

5.4. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- «Кескіндеме» (акварель, гуашь, майлы бояу және басқа материалдар);
- «Графика» (қарындаш, тушь, көмір, пастель);
- «Мүсін» (ағаш, саз, гипс, тоқыма);
- «Декоративті-қолданбалы өнер»:
- Тоқыма бұйымдары (гобелен, кесте, батик, киіз);
- Ағаш, сүйек, былғары, металл көркем өңдеу;
- Қағаз пластикасы (панно).

5.5. Байқау жұмыстарын бағалау критерийлері:

- Реалистік мәнерде орындалған жұмыстардың академиялық негіздері мен ережелерін сақтау.
- Идеяның және орындау техникасының өзіндік ерекшелігі.
- Автордың шығармашылық даралығы мен шеберлігі.
- Таңдалған техникамен кәсіби деңгейде жұмыс істей білуі.

5.6. Әрбір критерий бойынша 0-ден 2 баллға дейін баға беріледі:

- 0 балл – критерий көрініс таппаған;
- 1 балл – ішінара көрініс тапқан;
- 2 балл – толық сәйкес келеді.

Қазылар алқасының шешімі хаттамамен бекітіледі.

6. Байқау қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

6.1. Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

6.2. Жеңімпаздар I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады. Жүлделі орындарға ие болмаған қатысушыларға сертификаттар беріледі.

6.3. Дипломдар мен сертификаттардың электронды нұсқалары Қарағанды облысы білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының ресми сайтында (umckrgo@umckrgov.kz) жарияланып, жүктеп алуға мүмкіндік беріледі.
Анықтама үшін байланыс телефоны: +7 (7212) 415194.

Қосымша 1

«Бояулар құпиясы»
бейнелеу өнері мұғалімдеріне арналған облыстық байқауға
ҚАТЫСУ ӨТІНІМІ

Аудан/ қала	Білім беру ұйымының атауы	Қатысушыны ң толық аты- жөні	Номинаци я	Жұмыстың атауы	Орындау техникасы	Байланыс телефоны	YouTube сілтемесі (бейнеролик ке) www.youtube.com